



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Профессор Арап Еспенбетов: әдеби өлкетану және ғылыми мектеп»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы**

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

Шәкәрім университеті Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Абай облысының құрметті азаматы, «Парасат» орденінің иегері, филология ғылымдарының докторы, профессор Арап Сләмұлы Еспенбетовтің 80 жылдық мерейтойына арналған **«Профессор Арап Еспенбетов: әдеби өлкетану және ғылыми мектеп»** Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының жұмысына қатысуға шақырады.

Пленарлық отырыс **2025 жылдың 14 наурызында** Шәкәрім университетінің бас ғимаратындағы (Глинка к-сі, 20 а) «Үш анық» конференц-залында сағат 10.00-де басталады.

Конференция жұмысының негізгі бағыттары:

1-секция. Әдеби интеграциялық процесс.

2-секция. Әдеби өлкетану мәселелері.

3-секция. Тіл білімінің қазіргі зерттеу парадигмалары.

4-секция. Білім берудегі инновациялық ізденістер.

Конференция жұмысына қатысуға отандық және шетел жоғары оқу орындарының ғалымдары, жас зерттеушілер, магистранттар мен докторанттар шақырылады.

Конференцияның ресми тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Конференция материалдары жинақта тегін жарияланады.

Конференцияның материалдар жинағы электронды түрде PDF форматында беріледі.

Конференцияға қатысу үшін **2025 жылдың 6 наурызына дейін** ұйымдастыру комитетінің a.smagulova@shakarim.kz электронды поштасына төмендегі құжаттарды жіберу қажет:

- белгіленген үлгі бойынша қатысуға өтінім (№1 қосымша);
- талаптарға сәйкес рәсімделген баяндама (№2 қосымша).

Конференция координаторлары:

Смағұлова Ақмарал Төлеуғазықызы, ф.ғ.к., «Абай және ұлттық руханият» ҒО-ның жетекшісі. Байланыс телефоны: 8-708-538-59-49.

Сәмекбаева Эльмира Максұтқызы, ф.ғ.к., доцент. Байланыс телефоны: 8-775-757-01-59.

Құрметті авторлар!

Талаптарға сәйкес келмейтін жұмыстар жинаққа енгізілмейді. Тезистер авторлық редакцияда басылады және қосымша түзетуден өтпейді. Өрескел қателіктер болған кезде конференцияның ұйымдастыру комитеті баспа басылымының сапасына жауап бермейді және жұмысты жарияламауға құқылы.

Құрметпен, Ұйымдастыру комитеті

Тапсырыс беру үлгісі

Аты-жөні (ТОЛЫҚ)	
Қызметі	
Ғылыми дәрежесі, атағы	
Жұмыс орны	
Электронды адресі (жинақ қай жерге жіберіледі)	
Секция (конференция бағыты)	
Тезис атауы	
Байланыс телефоны	

Ұсынылатын материалдарды рәсімдеуге арналған талаптар

- формат – А4 беті;
- мәтіндік редактор – Word 6,0 (7,0);
- шрифт – Times New Roman, Kz Times New Roman, символ мөлшері – 12 пт.;
- жоларалық интервал – біреу;
- шеттері – үстінен, астынан, сол жақтан, оң жақтан – 20 мм;
- мәтінді тегістеу – жолдың ені бойынша;
- сөздерді автоматты көшіруді міндетті түрде орнату;
- шегініс абзац басында – стандартты (1,25 см);
- табуляция немесе бос орындарды бірінші жолдың басталуын қалыптастыру үшін пайдалануға жол берілмейді;
- негізгі мәтіннің барлық сөздері бір-бірінен бір бос орын арқылы бөлінуі керек;
- суреттер мен графиктер ақ-қара гаммада және анық кескінді болуы тиіс (қара штриховка пайдалануға болады);

Тезистерді жазу сызбасы

- Ең жоғары жолың сол жағынан ҒТАХР (Ғылыми және техникалық ақпараттың халықаралық рубрикасы) орналасқан. Сіз ҒТАХР кодын мына веб-сайттан ала аласыз: WWW.GRNTL.RU
- Төмен ортасында – автордың аты-жөні, тегі **жартылай қара шрифтпен** (бірінші инициалы, содан кейін – фамилиясы).
- Келесі жолда – ұйымның аты, ортасы бойынша туралау.
- Келесі жолда – ел, қала, электронды почта, ортасы бойынша туралау.
- Бір жол аралықтан соң **БАС ӘРІШТЕРМЕН жартылай қара шрифтпен**, ортасы бойынша туралау.
- Тезистер мәтінін ені бойынша туралау. Қажетті жағдайда мәтіннің бір бөлігін көрсету үшін жартылай **қара шрифт**, *курсив*, астын сызуды қолдануға болады.
- Әдебиеттер тізімі – МЕСТ 7.1-2003 бойынша рәсімделеді. Мәтінде әдебиеттерге сілтемелер текше жақшаларда үтір арқылы рәсімделеді [1], [2, 3].

Мәтінді рәсімдеу үлгісі

ҒТАХР: 17.01.83

ӘДЕБИ ӨЛКЕТАНУ ЖӘНЕ ТУРИЗМ*Бекежанұлы Б.Т., ф.ғ.к., доцент*ҚР, Семей қ., Шәкәрім университеті, b.bekezhanov@gmail.com

Мәтін...

Әдебиет

- 1.
- 2.